

Қазығұрт ауданы
«Аққу» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін _____
б/бақша меңгерушісі
Г.Т.Ибраимова



Мерекелік ертеңгілік
Тақырыбы: « Жасыл шырша жанында!!!»



Ерте жас« Балбөбек»тобы
Тәрбиешілер: Өсенова А.
Жүнісова Г.

28.12.2021ж

Тақырыбы : «Жасыл шырша жанында!»

Залдың шетінде жасыл шырша алуан түрлі ойыншықтармен әсем безендірілген «Балбөбек» тобы музыка әуенімен қол ұстасып залға келеді. Шыршаны айналып жүріп қызықтады.

Жүргізуші: Төгілтіп көк жүзінен ақшақарды,
Ақ көрпе жапты бүгін бақшаларды.
Мен келдім есіктерді ашындар деп,
Жаңа жыл күлкі әлемге жар салады.
Жүзімізде қуаныш,
Әр көңілде жақсы үміт.
Келе жатқан жаңа жыл,
Әкелсін көп жақсылық.

Құрметті ата-аналар, қонақтар, балабақша ұжымы, балалар. Сіздерді жаңа жыл мерекелеріңізбен құттықтаймыз. Жаңа жыл бірлік пен татулықтың жылы болсын! Әр отбасы үшін ырыс пен береке жылы болсын! Аспандарыңыз ашық, денсаулықтарыңыз мықты болып, ауызбіршілігіміз берік, жарқын болашаққа деген сенім нық болсын!

« Жасыл шырша жанында » атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер.

Ақшақар: Ақшақар орман ішінен әндетіп келе жатады.

Жаңа жыл, жаңа жыл,
Жаңа жылда жаңа жыр.
Жасыл шырша жанында,
Билеп барлық бала жүр.
Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,

Көз тоймайды қараса - деп әндетіп билеп келе жатып кілт тоқтайды. Ой біздің әсем шыршамыз қайда кеткен мен балаларды жаңа жылдық кешке қонаққа шақырған едім. енді не істеймін, кімнен сұрасам екен қайда кеткен, кім алды екен? деп ары – бері қарап жүреді. Бір кезде бұтаның түбінен қорсылдап жылаған дауыс шығады. Сәбізін ұстаған қоян жылап отырады.

Ақшақар: Ақ қоян ау, ақ қоян неге жылап отырсың?

Қоян: Бәрі, бәрі жақсы-ау бірақ біздің әсем шыршамыздың шамын өшіріп ұрлап кетіпті. Енді балалар жаңа жылды қалай қарсы алады.

Ақшақар: Енді қайттік, не істейміз?

Сол кезде түлкі келеді әндетіп.

Түлкі : Мен түлкімін, түлкімін,
Тұнып тұрған күлкімін.
Бәрінде маған жетпейсің,
Алдымнан келсе, өтпейсің ля-ля-ля

Ақшақар: Сәлеметсіңбе түлкіжан сенің қулығыңда шек жоқ, сен қулығың мен бізге көмектес, біздің жаңа жылдық әсем шыршамызды таппай қалдық. соны іздеп табайықшы.

Түлкі: Жүріңдер ана жақта жанып тұр деп ақшақармен қоянды алдап жібереді де өзі жасырып қойған шыршаны тауып, шамын жағады.

Ақшақар: Әй қу түлкі сен жасырған екенсіңғой әсем шыршамызды .Барлық қонақтарда жиналыпты ендеше Аяз атамызды шақырайық.

Балалар: Аяз ата ,аяз ата, аяз ата, келіңіз.

Аяз ата: Ау амансыңдарма ұлдарым,
Амансыңдарма Қыздарым.
Қандай жарқын жүздерің,
Қандай әсем жырларың.
Асулармен алысқан,
Асау желмен жарысқан.
Аталарың сендерге,
Шаршап келді алыстан.

Жүргізуші: Қош келдіңіз Аяз ата амансыңба?

Ақшақар: Ал келіндер, келіндер,
Тақпақ айтып беріндер.
Жомарт Аяз атадан,
Сыйлық алып көріңдер.

Аюдың ұйықтап жатқан дауысы шығады:

Жүргізуші: Ой балалар, мына дауыс кімнің дауысы? Ой, мынау ұйықтап жатқан аюғой, аюда оятайық.

Ән: «Аю, аю, тұршы».

Жүргізуші: Балалар, биыл ескі жылға өкпеміз жоқ, сиыр жылы ырысты, берекелі, өте жақсы жыл болды. Сиыр жылымен қоштасайық. Қош сау бол!!!

Сиыр жылы балалармен қоштасты.

Ортаға барыс жылы кіріп келеді.

Жүргізуші: Бізге жаңа барыс жылы құт берекесімен келсін, жаңа жылда мол табысқа кенелейік. Балаларымыздың денсаулығы мықты болсын. Жетістігіміз көп болсын.

Жүргізуші: Келді міне жаңа жыл,
 Қарсы алайық бәріміз.
 Күліп ойнап би билеп.
 Ән салайық бәріміз.
 Жаңа жылмен, жаңа жылмен,
 Құттықтаймыз әрине.
 Әкемізді анамызды,
 Қонақтардың бәрінде!

Жантөре: Жаңа жылда жаңаша,
 Тақпақ айтамыз.
 Болсын риза балаша,
 Әппақ атамыз.

Жүргізуші: Әкелсін жыл ырыс –құт,
 Әлемде болсын тыныштық.
 Ән салайық жаңаша,
 Жаңа жылым тамаша.

Аяз ата: Бәрекелді, Ақшақар қызым менің жанымда қояндарым бар еді көрмедіңдер ме?

Қоян ана: Біз мұндамыз Аяз ата қояндарыңыздың өнерін тамашалаңыз.

Би: «Қояндар биі»

Орындайтындар: Жантөре, Алинұр, Мирас, Алимхан, Ислам.

Ислам: Тамаша сый алып,
 Келді аяз атамыз.
 Шаттанып қуанып,
 Шырқап ән айтамыз.

Жүргізуші: Аппақ тонға оранып,
 Базарлықты мол алып.
 Келді алыс сапардан,
 Аяз ата оранып.
 Жаңа жыл, жаңа жыл,
 Төгілсін жаңа нұр.
 Сыйлығын сүйретіп,

4.

Келді міне жаңа жыл.

Дидактикалық ойын: «Қарды себетке жинау»

Жүргізуші: Жаңа жылды тойлауға,
Дайындалды қанша қыз.
Шөжелер боп ортада,
Би билейді барша қыз.

Би: «Шөжелер биі»

Орындайтындар: Алина, Даяна, Жібек, Альтаир, Аяла, Айзере.
Зере, Әдемі, Ханшаим, Муслима, Асылым.

Аяз ата: Ал балалар, балалар,
Біз бармаған қала бар.
Асқар тау бар, дала бар,
Ата бала, ана бар.
Соларға тез жетейік,
Рұқсат болса сіздерге .
Сыйлығымызды тапсырып біз кетейік.

Балалар: Сау бол, сау бол.

Жүргізуші: Осымен жаңа жылдық ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Жаңа жылда
көріскенше күн нұрлы болсын.

